

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық сериясы**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

---

**№ 3 (2020)**  
**Павлодар**

# НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

## Филологическая серия

выходит 4 раза в год

---

## СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на учет, переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPYU00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

## Тематическая направленность

публикация материалов в области лингвистики, и языкознания

Подписной индекс – 76132

---

## Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., доктор *PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., доктор *PhD*

## Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *д.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/KRDXD7597>

**Д. Е. Капанова, Г. О. Рахимбекова**

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

## **АҒЫЛШЫН ЛИНГВОМӘДЕНИЕТІНДЕГІ «BLACK» КОНЦЕПТІСІ**

*Алдарыңызға ұсынылып отырған мақалада ағылшын тіліндегі «black» концепті қарастырылған. Түс адамның көзбен көру арқылы алынатын ақпараты. Алынған кез келген білім тілдік рәсімдеуді қажет етеді. Тек тіл ғана біздің интеллектіміздің қызмет етуін қамтамасыз ететін таңбалық жүйе. Түр-түс тілдік таңбаға ие болғанда әр халықта әр түрлі немесе ұқсас та болуы мүмкін. Оның әр түрлі атауға ие болу сол этникалық топтың өзіндік ерекшелігіне, дүниені танудағы тілдің ұйымдастырушылық қабілетіне байланыстығы жайлы сөз етіледі.*

*Кілтті сөздер: таным, ұғым, сана, концепт, ақ, қара.*

### **Кіріспе**

Философия мен логика үшін дәстүрлі терминге айналған «концепт» атауы қазіргі тіл білімінде де кеңінен қолданылып, терминдік жүйеде өзіндік мазмұнға ие болып отыр. Латын тілінен енген conceptus – «ой», «түсінік», «ұғым» деген мағынаны білдіреді.

«Концепт» терминінің теориялық негіздері тілші ғалымдар Д. С. Лихачев, Ю. Д. Апресян, Н. Д. Арутюнова, Е. С. Кубрякова, В. А. Маслова, А. Вежбицкая еңбектерінде жан-жақты қарастырылған.

В. А. Маслова концептке мынындай анықтама береді: «Концепт окружен эмоциональным, экспрессивным, оценочным ореолом; это тот, «пучок» представлений, понятий, знаний, ассоциаций, переживаний, который сопровождает слово и выражаемое им понятие. Концепты – предмет эмоций, симпатий и антипатий, а иногда и столкновений различных мнений».

Тілші ғалым концепт табиғатын түсіну туралы ойын былайша өрбітеді: «Любая попытка постичь природу концепта приводит к осознанию факта существования целого ряда смежных понятий и терминов. Прежде всего, это концепт, понятие и значение». Демек концепт, ұғым және мағына концепт жүйесін құратын бір-бірімен тығыз байланысты, ажырамас ұғымдар болып

табылады. Ғалым әрі қарай ұғым мен концептті былайша ажыратады: «Если понятие – это совокупность познанных существенных признаков объекта, то концепт – ментальное национально-специфическое образование, планом содержания которого является вся совокупность языковых средств (лексических, фразеологических, паремиологических и др.)» [1, 26–28 б.].

Қазіргі лингвистикада концепт үш түрлі бағытта талданып, қарастырылады: лингвистикалық, когнитивтік, лингвомәденитанымдық.

Лингвомәденитаным аспектісінде концепт – ақиқат дүниенің санадағы ұлттық-мәдени, рухани, этикалық, әлеуметтік танымын айқындайтын бірлік.

Заманауи лингвистика ғылымында құрылымдық-танымдық бағыт тәрізді мәденитанымдық негіз, яғни, тіл, ойлау мен мәдениеті бір-бірімен зерделеу мен талдау парадигмасының сан қырлы айырмашылықтары көп.

**Зерттеудің нысаны:** ағылшын тіліндегі «black» таным теориясының қалыптасуы мен дамуы

**Зерттеудің пәні:** таным теориясын оқыту әдсітемесі

Мақсаты: Ағылшын тіліндегі «black» ұғымының концептуалдануын талдау, саралау, іріктелген ұғым-түсініктердің концептуалдық мазмұнын, қызметін анықтау.

**Міндеттері:**

«black» концептісін айқындайтын негізгі ұғымдарға талдау жасау;

«black» концептісіне жататын тілдік бірліктерінің әлеуметтік, танымдық негізіндерін саралау.

**Зерттеудің әдістері мен нәтижесі**

Біз бұл мақаламызда, «black» ұғымын кейінгі жылдары ғылымдардың бірлесе зерттеуімен пайда болған «лингвистика және мәдениеттану» лингвистика саласы шеңберінде зерделеуіміз – жаңаша көзқарастың нәтижесі болмақ. Жалпы, «қара» ұғымы тәрізді анықтауыш ұғымдарды туыс емес тілдерде салғастыра зерделеу мен талдауға әлемнің тілдік бейнесінің табиғатын мейлінше тереңірек тануға мүмкіндік берді. Яғни, тілдік тіркестердегі сананы және санадағы ойлауды концептуализациялау теориясына өз үлесін қосады.

Лингвомәдени-танымдық тілдік мәселелерді басқа да ғылым салаларымен тығыз байланыста талдау ауқымды, әрі кең бағыттағы талдау еңбектеріне жол ашты. Осы ретте көптеген ғылыми нәтижелерге қол жеткізілді. Адам баласының тұлға ретінде дамуы, оны басқа да орта адамдарынан ерекшелейтін де оның санасы мен мәдениетінің басқаларынан ерекше және жоғары тұруымен сипатталады. Тіл өзінше күрделі белгі ретінде адам баласының сыни ойлауымен, санамен бірге қарастырылуы шартты жайт екендігі баршаға мәлім.

Түс табиғаты универсалды, барлық адамзатқа бірдей бояу реңкі түрлі халықтардың көріп, қабылдауы бірдей. Түс ең алдымен көру арқылы алынатын ақпарат. Алынған кез келген білім тілдік рәсімдеуді қажет етеді. Тек тіл ғана біздің интеллектіміздің қызмет етуін қамтамасыз ететін таңбалық жүйе. Түр-түс тілдік таңбаға ие болғанда әр халықта әр түрлі де, бірдей, не ұқсас та болуы мүмкін. Оның әр түрлі атауға ие болу сол этникалық топтың өзіндік ерекшелігіне, дүниені танудағы тілдің ұйымдастырушылық қабілетіне байланысты. Бұған өмір сүру ортасы құбылыстары, сол ортада адам танымы мен тілдің өзінің түрлі ішкі, сыртқы факторлар негізінде диалектикалық дамуы әсер етеді.

Осы кезге дейін «тіл» мен «таным» мәселелері лингвистика мен психология ғылымы аясында жеке-жеке зерттелуде. Танымдық лингвистика ғылымында тіл мен танымды бір-бірімен тығыз бірлікте зерттеу де жандана бастады. Лингвотанымдық ғылымның негізгі талдау нысанасының біреуі – «концепт», яғни бұлар: «тірек мағына», «ішіндегі мағына» ұғымдары. Сондай жаңалықтардың біреуі – ғылымдағы тіларалық ұғымдарды бір-біреуімен сабақтастықта қарастырылуы болып табылады.

Ұғымдарды лингвистика және мәдениеттану шеңберінде зерделеу көкейтесті мәселелерінің бірі болып саналады. Өйткені, ұғымдар тілдік ұжымның танымдық сипаттамаларын вербалды әдіс-тәсілдердің көмегі белгісінде жеткізетін ерекше феномена. Лингвомәдени ұғымдар құндылық ерекшеліктерімен басқа да танымдық тіркестерден ерекшеленеді.

Тілші ғалымдар Попова З. Д., Стернин И. А. «Паремияда ұғымдарды зерделеу мен талдау мол ақпарат береді. Бұлардан біз көп мерзім бойы қатпарланып сақталған ел өміріне және мекенге, мерзімге, жекелеген адамдардың топтары мен тұлғаға тығыз қатысты өзгеріп отырған концептісі тұнып тұрған мән-мағынасын аңғарамыз. Ерекше бір концептісі мән-мағынасы әрқилы ұлтқа қатысты түрленген сайын, оның көпқатпарлылығы мен көпаспектілігі мейлінше белгілілене түседі және бірқатар бірлескен сөз тіркестерімен ерекшеленеді» – деп тұжырымдаған [2;52 б.].

Біздің осы мағаламызда қарастырып отырған мәселеміз – ағылшын тіліндегі «black» ұғымының өрісі. Танымдық зерделеу мен талдау еңбектері белгісінде ұғымдарға ұлтқа тән «ұғымдық өріс» белгісі деп қарауға мүмкіндік туындайды. Танымдық өріс бір тақырып аумағындағы тілдік тіркестер мен оның түрлерін топтастыруға мүмкіндік бере алады. Осы бағытта, В. А. Маслова концептісі түрлерін былайша топтастырады:

- жеке тұлғалық ұғымдар;
- адамдардың жас ерекшеліктеріне қатысты ұғымдар;
- жалпыұлтқа тән ұғымдар [3].

Біз зерттеу жасап отырған «black» ұғымын осы үш бағытта талдауға жағдай жасайды. Өйткені «қара» универсалды, мәңгілік, өлшемі жоқ белгі.

Белгілі ұғымға ие болу үшін аталмыш бір ұлт пен елдің қолданысындағы тілдік тіркестер, сол ұлт пен елдің дәуірлер бойғы саналы ойымен, дінімен, тілімен бір-бірімен байланыста қолданылып, аталмыш бір ұлтқа тән саналы дәрежеге жетуі қажет. Ұлт мәдениеті, діні салт әрқилылығы және тілімен біте қайнасып, ұлт пен елдің сипатын бойына сіңірген танымдық түсінік беретін тілдік тіркестер тілімізде аса көп. Осылардың біреуі-«қара» ұғымы. Аталған концепт-кез-келген ұлтта орныққан универсалды, дерексіз маңызды белгі.

Танымал ғалымдар И. А. Стернин мен З. Д. Попова: «Концепті адам ұғымы мен санасында, бірінші кезекте, сезімдік тәжірибесі белгісінде қалыптасады, екінші кезекте, адам баласының өзінің тұрмыс-тіршілігі, функциясы белгісінде ұласады, үшінші кезекте бұрыннан санада пайда болған жағдаяттар мен басқа да да ұғымдық ерекшеліктері мен құндылықтарын сәйкестендіре қолдану белгісінде таныла түседі. Ал, төртіншіден, тілдік таңба ұғымдар еркінде жиі қолданыстан өтіп, танымдық деңгейге жеткен таңбалармен таныстыру белгісінде белгілі бола алады, бесінші кезекте, тілдік тіркестерін саналы сипатта сол дүние табиғатын таныстыруға жағдай жасайды деп тұжырым жасау белгісінде қалыптасады» – деп тұжырымдайды [3, 116 б.]

Концепт деп отырғанымыз ұлтқа тән тілдік тұлғаның тілдік-танымдық деңгейлерінің негізгі бөлшегі. Ол әлемнің танымдық шындық немесе қияли астарын көрсетуші ұжымдық сананың белгілеуіндегі бірлік. Адам ұғымы мен санасындағы дүниенің бейнесі табиғаты жағынан әркелкі болып келетін ұғымдық танымдардың көмегі белгісінде нақыш табатыны белгілі. Бұлар өзінің таным белгісінде таңбаланып, вербалданады.

«Қара» тілдік тіркестердің беретін ұғымын ұғыну белгісінде қоғамдық топтардың, жеке бір адамнан бастап, ел мен ұлт пен елдің ой-өрісінің, барша бір ұлт пен елдің, танымының ерекшеліктері бойынша белгілі бола алады. Бұндай танымдар мен тілдік тіркестер адам баласының ой санасы мен ішіндегі дүниесіне тығыз қатысты негізгі ерекше танымдарын оның бір ерекшеліктері ретінде таңбалайды. Сонымен қатар, бұлардың мән-мағынасын қамти алады. Аталған тілдік тіркестердің тілдік терең мағынасын сипаттау белгісінде қосымша мән-мағынаның анықтауға септігін тигізеді. Бұл деп отырғанымыз – бастапқыдан орныққан танымдарды жаңа қырынан бағалауға мүмкіндік жасайды.

Ағылшын тілінде төл сөздік қордан жасалған ұғымдар көптеп кездеседі: black mail – қара пошта, black box – қара жәшік т.б. Мұндай ұғымдар тілдің төл сөзжасамының семантикалық, морфологиялық ерекшеліктеріне бағынады.

Ретерминологизация тәсілімен жасалған ұғымдар екі тілде ұлтқа тән ұғымдардың басқа сала ұғымдарімен омонимдес болуы нәтижесінде нақыштапқан. Мысалы: black list - қара тізім лингвистикада тілді талдауда пайдаланылатын әдіс-тәсілдер жиынтығын білдіретін термин.

Әйтседе, белгілі отандық ғалым Э. Д. Сулейменова: «Адам тілдік ерекшеліктерін іздемес бұрын сол дүниені өзінің сезімді бейімділіктері белгісінде танып алады. Өзінің танымында орныққан дүние туралы мағлұматтардың ұқсас жақтары мен айырмашылықтарын санада сұрыптайды. Дүние туралы ақпаратты меңгеру әрбір тұлғаның өзінше талдап жүйелеуі негізінде қалыптасады. Бұндай әрекеттер белгісінде пайда болған ұғым мағлұматтарының құрылымын ұғымдық тақырып деп атаймыз», – деген тұжырым жасайды [4, 35 б.].

Концепт тілдік тұлғаның тілдік-танымдық деңгейлерінің негізгі бөлшегі ретінде әлемнің шындық немесе қияли астарын көрсетуші ұжымдық сананың қозғалысын белгілей алатынын жоғарыда айтқан болатынбыз. Бұлар тілдік тіркестер көмегімен таңбалаанады және вербалданады. Мысалы, ағылшын тілінде қара түсті жамандықпен, ал ақ түсті жақсылықпен салыстыру тән, сонымен қатар ол ағылшын тілінің американдық нұсқасының әсерінен британдықтарда қосымша жаңартуларға ие болды. Сондықтан қара сын есіммен құрама номинативті топтардың теріс коннотациялары бар болса, ал ақ сын есім, әдетте, оң коннотациялары бар номинативті топтардың құрамына енеді. Шынында да black sheep [қара қой], black market [қара базар, қара нарық], blackmail [бопса (сөзбе-сөз қара пошта)], Black Gehenna [қара геенна], black soul [қара ниет] – осылардың барлығында black жамандықпен байланыстырылады; оның үстіне бұл түс азалы, қаралы түс, ажал, өлім түсі: black dress [қара көйлек], black armband [жеңдегі қара байлам].

Қазіргі уақытта white man және black man тіркестерінің қолданылу ерекшелігі өте өзекті мәселе болып тұр. «Ағылшын тілінің саяси әлеуметтануы» еңбегінің авторы Али Мазруи атап өткендей, африка жұртшылығы «қазіргі ағылшын тіліндегі black сөзін жағымсыз, ал white сөзін жағымды коннотациямен қолдану нәсілшілдіктің сарқыншағы» деп алаңдаулы. Али Мазруи бұл дәстүрді шайтанды қара, періштелерді ақ деп суреттеген христиан дінінің таралуымен байланыстырады. Ол Інжіл мен классикалық ағылшын әдебиеттерінен қара адамдардың қадір-қасиетін қорлайтын көптеген мысалдарды келтіреді, сондықтан африка тілдеріне аударуда ерекше қиындықтар туғызады [5].

Концепт тілдік тіркестердің беретін ұғымын іштей түсіну бойынша жеке бір адамнан бастап, қоғамдық топтардың, бүкіл бір ұлттың, елдің ой-өрісінің, танымының ерекшеліктері байқалады. Қара ұғымының бастапқы мағынасы «қара» түсімен таңбалаанады. Бірте бірте қара жағымсыз заттар мен

ұғымдарға қатысты ауыспалы мағынаны игере бастаған. Ол енді анықтауыш қана емес, зат есімге бірлесе қолданылып, қосымша мағынасында *black sea*, *black board*, *black box*, *black mail*, *black day* т.б. сөз тіркестерін қалыптастырды. Бұл деп отырғанымыз бастапқы орныққан танымдарды жаңа кырынан бағалауға себеп болады. Осындай тілдік тіркестер арқасында адамның ой санасына, ішіндегі дүниесіне тығыз қатысты негізгі-негізгі танымдарын оның ерекшеліктері ретінде танбалайды, бұлардың мән-мағынасын да қамти алады. Аталған тілдік тіркестер бұлардың тілдік мағыналарын сипаттау бойынша қосымша мән-мағынаның анықтауға септігін тигізеді.

Ұғымдардың мазмұндық танымдық маңызын анықтау үшін олардың қоғамдағы функциясы, басқа объектілермен қарым-қатынасы, осылар бойынша анықталған ұлтқа тән сана-сезімнің ерекшеліктері мен бағасын белгілей алуымыз аса қажет.

Жалпы, «*black*» /*blak*/ сөзі төмендегі мағынаны береді: *the very darkest colour owing to the absence of or complete absorption of light; the opposite of white*. Мысалы «*black smoke*» – «қара түтін». Ағылшын тілінде «қара» ұғымы бірінші кезекті қара түсін білдергенмен, сонымен қатар «қараңғы», «қап-қара», «қараю», «қарасұр» деген сандаған реңктерге ие ассоциациялық ұғым.

Бұл ұғымның синонимдік қатары *dark*, *pitch black*, *as black as pitch*, *pitch-dark*, *jet black*, *inky*, *coal black*, *blackish*.

Сондай-ақ, бұл сөз атау есімдігі австралиялық, африкандық, алжериялық қара нәсілді ұлттардың атауы ретінде танымал, мысалы: «*black adolescents of Jamaican descent*». Бұл сөз зат есім ретінде де берілуі мүмкін, мысалы: «*black colour or pigment*» мағынасында «*a tray decorated in black and green*».

Ағылшын тілінде ерекше саналатын «қара» ұғымының тағы бір мағынасы қара нәсілді халықтар. Мысалы: «*they tend to identify strongly with other blacks*» – Бұлар қара нәсілді ұлттардан ерекшеленеді.

Сондай-ақ, бұл сөз «қараға бояу, қараландыру» деген мағына береді: *(something) black, especially with polish*. Мысалы: «*the steps of the house were neatly blacked*». Оның синонимдері: *blacken*, *darken*.

Тағы бір етістік мағынасында қолданысы ерекше бір өнімді шығарушы ұжымды басып алу, қарамағына алу деген де мағына береді. Мысалы: «*the union blacked the film because overtime was not being paid*». Синонимдері: *boycott*, *embargo*, *put/place an embargo on*, *black list*, *ban*, *bar*, *proscribe*. Тағы бір мысал: «*trade union members blacked the work*».

Қарап отырсақ, ағылшын тілінде «қара» ұғымының жағымды, ұнамды, позитивті мағынасы шамамен мүлде жоқ деп айтуға болады. Себебі, әлемнің тілдік бейнесінде ұлт менталитеті саналы тілдік тірек ұғымдар белгісінде нақыш табады. Өйткені ұғымдар тілдік қауымның танымдық сипаттамаларын вербальды сипатта және бейвербальды сипатта әдіс-тәсілдердің көмегі



### **Қорытынды**

Сонымен жұмысымызды қорытындылай келе айтарымыз, түс адам өмірінде өте маңызды. Түс біздің көңіл-күйімізге, эмоцияларымызға әсер етеді, кез-келген түсті белгілеу тіпті өткір саяси проблемаға айналуы мүмкін.

Бүкіл әлемдегі ғалымдар түс терминдерінің пайда болуы мен дамуы әмбебап тіл ме, әлде бұл кездейсоқ құбылыс па деген сұраққа әлі күнге дейін алаңдаулы.

Қорыта келгенде, әрбір ұлт пен елдің тілі сол тілде сөйлеуші адамдардың ұғымы мен санасында ұғымдық танымдардың семантикалық жүйесі ретінде қалыптасады. Ұлтқа тығыз қатысты аталмыш бір дүние бейнесін жасайды. Әрбір жеке тұлғаның өзіндік сипатына сай және тығыз қатысты ұлтқа тәнтілі, әдебиеті, мәдениеті, тарихы, әдет ғұрпы мен салт-санасы жағдай жасайды. Айналадағы дүниені өзінің көз қараспен қабылдап, өзінің ішіндегі жаратылыспен тануы заңды жайт.

Осы мақаламызда ағылшын тіліндегі «black» концептісінің лингвотанымдық негіздерінің табиғатын ашуға талпыныс жасай отырып, адамзатқа ортақ әмбебап концептілерді әр түрлі мәдениеттер концептосферасы негізінде айқындау, талдау концепт ұғымының күрделі де терең құрылымын ашып қана қоймай, салғастырмалы тіл білімін тың нәтижелермен толықтыратыны сөзсіз екенін айтқымыз келеді.

### **Пайдаланған деректер тізімі**

1 **Маслова, В. А.** Когнитивная лингвистика : Учебное пособие/ В. А. – Маслова. Минск : Тетра Системс, 2004. – 256 с.

2 **Смағұлова, Г.** Әдеби мәтін лингвистикасы. – Алматы : Триумф, – 2008.

3 **Сағындықұлы, Б.** Қазақтілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы, 2005. – 342 б.

4 **Сүлейменова, Э. Д.** Дискурс в дискурсе казахстанской лингвистики / Современные проблемы дискурса : теория и практика. – Алматы. : 2006.

5 **Mazrui, A. A.** The Political Sociology of the English Language. Mouton – the Hague, 1975, P. 81.

6 **Апресян, Ю. Д.** Избранные труды. Т. 1. Лексическая семантика : Синонимические средства языка. – 2-е изд., испр. и доп. [Текст]. / Ю. Д. Апресян. – М. : Школа «Языки русской культуры», Издательская фирма «Восточная литература» РАН, 1995. – 472 с.

7 **Арутюнова, Н. Д.** Дискурс [Текст]. / Н. Д. Арутюнова // Лингвистический энциклопедический словарь. – М.: «Советская энциклопедия», 1990. – С. 136–137.

8 **Белобородова, И. В.** Концепт «цвет» в лингвокогнитивном аспекте: На материале автобиографической прозы [Текст] : Дис. . канд. филол. наук. 10.02.01. / И. В. Белобородова. Таганрог, 2000. – 224 с.

9 **Попова, З. Д., Стернин, И. А.** Полевая модель концепта Текст. / З. Д. Попова, И. А. Стернин // Попова З. Д. и др. Введение в когнитивную лингвистику : Учебное пособие. Кемерово: Кузбассвузиздат, 2005. – С. 12–45.

10 **Bolton, R.** Black, white, and red all over : The riddle of color term salience [Text]. / R. Bolton // Ethnology. 1978. – Vol. 17. – P. 287–311.

### References

1 **Maslova, V. A.** Kognitivnaya lingvistika : Uchebnoe posobie. [Cognitive linguistics : Textbook] V. A. – Maslova. Minsk: Tetra Systems, 2004. – P. 256.

2 **Smaġulova, G.** Ádebi mátin lingvistikasy. –Almaty : Triumpf, – 2008.

3 **Saġyndyquly, B.** Qazaqtili leksikasy damýynyń etimologialyq negizderi. – [Linguistics of literary texts]. – Almaty. : – 2005. – 342 p.

4 **Suleimenova, E. D.** Diskurs v diskurse kazaxstanskoj lingvistiki [Discourse in the discourse of Kazakh linguistics] Modern problems of discourse: theory and practice. Sovremenny'e problemy' diskursa: teoriya i praktika. – Almaty, 2006.

5 **Mazrui, A. A.** The Political Sociology of the English Language. – Mouton – the Hague, 1975, P. 81.].

6 **Apresyan, Yu. D.** Selected Works. T. 1. Lexical semantics : Synonymous language means. – 2nd ed., Rev. and add. [Text]. Ed. Y. D. Apresyan. – Moscow : School «Languages of Russian culture», Publishing company «Eastern Literature» RAS, 1995. – P. 472 ].

7 **Arutyunova, N. D** Discourse [Text]. In Linguistic Encyclopedic Dictionary. Moscow. : «Soviet Encyclopedia», 1990. – P. 136–137.

8 **Beloborodova, I.V.** Beloborodova, IV The concept of «color» in the linguo-cognitive aspect : On the material of autobiographical prose [Text] : Dis. ... Cand. Philol. Sciences. 10.02.01. Ed. I. V. Beloborodova. – Taganrog, 2000. – 224 p.

9 **Popova, Z. D., Sternin, I. A.** Field model of the concept [Text]. / Z.D. Popova, IA Sternin // Popova Z. D. et al. Introduction to cognitive linguistics : Textbook. Kemerovo : Kuzbassvuzizdat, 2005. – P. 12–45.

10 **Bolton, R.** Black, white, and R. Bolton Ed. Ethnology. 1978. - Vol. 17. - P. 287-311.

Д. Е. Каранова, Г. О. Рахимбекова

### **Концепт «Black» в английской лингвокультуре**

Казахский агротехнический университет  
имени Сакена Сейфуллина,  
Республика Казахстан, г. Нур-Сұлтан  
Материал поступил в редакцию 18.09.20.

*В данной статье мы рассматриваем концепт «black», важная составляющая концептосферы «color» в английской лингвокультуре, выявляются и описываются его когнитивные особенности через лексико-семантический анализ слова «black». Цвет – это информация, которую человек получает посредством визуального осмотра. Любое необходимое образование требует знания языка. Только язык – это символическая система, которая обеспечивает функционирование нашего интеллекта. Когда цвет имеет лингвистический характер, он может быть разным или похожим в каждой нации.*

*Ключевые слова: познание, понятие, сознание, концепт, белое, черное.*

D. E. Karanova, G. O. Rakhimbekova

### **Linguocultural concept «Black» in the English linguistics**

S. Seifullin Kazakh AgroTechnical University,  
Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan.  
Material received on 18.09.20.

*In this article, we consider the concept «black», an important component of the concept sphere «color» in the English linguistic culture, identify and describe its cognitive features through the lexical-semantic analysis of the word «black». Color is information that a person receives through visual inspection. Any education requires knowledge of the language. Only language is a symbolic system that ensures the functioning of our intellect. When a color is linguistic, it can be different or similar in every nation.*

*Keywords: cognition, concept, consciousness, concept, white, black.*

Теруге 30.09.2020 ж. жіберілді. Басуға 14.10.2020 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,23 Мб RAM

Шартты баспа табағы 28,8. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. Елемесқызы

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3710

Сдано в набор 30.09.2020 г. Подписано в печать 14.10.2020 г.

Электронное издание

2,23 Мб RAM

Усл. печ. л. 28,8. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. Елемесқызы

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3710

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университет

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университет

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: [kereku@tou.edu.kz](mailto:kereku@tou.edu.kz)

[www.vestnik.tou.edu.kz](http://www.vestnik.tou.edu.kz)